«ҚАЗАҚСТАН» РТРК» МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ АО «РТРК «КАЗАХСТАН»
MANGISTAU REGIONAL BRANCH OF JSC «RTRK «KAZAKHSTAN»

MAŃGYSTAÝ

БҰЙРЫҚ

«19» 12 2022 ж/г
Ақтау қ.

ПРИКАЗ

№ 090-ф
г. Ақтау

«Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу жөніндегі қызметтер» бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 3-тармағы 36 тармақшасы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 465-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу жөніндегі қызметтерге» тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, «Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу жөніндегі қызметтер» бойынша техникалық сипаттамасы бекітілсін.

3. «Қазпошта» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалымен веб-портал арқылы шарт жасалсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор **А. Бимағамбет**